

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2016 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1151 қаулысы

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2016 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) бірінші басшылары:

- 1) Іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі шараларды қабылдасын;
- 2) 2016 жылғы 20 мамырдан және 10 қарашадан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2016 жылғы 10 маусымнан және 10 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі 2016 жылғы 10 шілдеден және 2017 жылғы 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1151 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2016 жылға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 570 қаулысымен.

Р/с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік (толерантты болмау)» қағидатын ұстану жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2-тоқсан
2	Интернет желісінде орналастырылған туындылардың авторлық құқықтарын қорғаудың жай-күйін зерделеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині, ІМ, ИДМ	2-тоқсан
3	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Әділетмині	2-тоқсан
4	Кешенді сипаттағы құқықтық қатынастарды реттеу мәні болатын «шоғырландырылған» немесе «кешенді» заң ұғымын одан әрі енгізу және заң жүзінде бекіту жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині	2-тоқсан
5	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 570 қаулысымен.			
6	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 570 қаулысымен.			
7	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Әділетмині	3-тоқсан
8	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 570 қаулысымен.			
9	Жергілікті полиция қызметінің құқық қолдану практикасын талдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ІМ	4-тоқсан
10	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 570 қаулысымен.			
11	Азаматтық процестік кодекстің құқық қолдану практикасын талдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЖС (келісім бойынша)	4-тоқсан

12	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Әділетмині	4-тоқсан
13	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулыларын іске асыру	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне ақпарат	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	4-тоқсан
14	Заң жобаларына заңдық (құқықтық) сараптама жүргізу әдістемесін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині	4-тоқсан
15	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 570 қаулысымен.			
16	Азаматтықты және қазақстандық патриотизмді насихаттауға, Конституцияға, Қазақстан Республикасының заңдары мен мемлекеттік рәміздеріне құрметті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүйелі негізде өткізу	дәрістер, бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу	Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	жыл бойы

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
 Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
 ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
 ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
 ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
 ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты